

«8D03203 – Халықаралық журналистика» оқу бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған,

Нұраш Айдана Амангельдықызы орындаған

**«БАҚ коммуникативті потенциалының трансформациясы:
жаһандану жағдайындағы Қазақстанның мәдени мұрасы»**

тақырыбындағы диссертацияның

АНДАТПАСЫ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Арт-журналистика – дәстүрлі баяндау формаларының эволюциясын өнер мен жаңа медианың синтезі арқылы бейнелейтін құбылыс. Өйткені жаңа коммуникация дәуірінде арт-журналистика иллюстрация, коллаж, графикалық дизайн және видео техникаларын қолдана отырып, визуал образдар арқылы тақырыпқа бойлай түседі. Бұл жанр тақырыптарды көркем қабылдау арқылы талдауға мүмкіндік беретіндіктен, Қазақстан мәдениеті үшін маңызды. Бұдан адамдардың шынайы өмірлік оқиғаларына терең бойлау және зерттеу арқылы аудиториямен эмоционалды байланыс орнайды.

Арт-журналистика диалог орнатып, ақпараттандыруды арттырған сайын әлеуметтік, саяси, экологиялық мәселелерге назар аудартады. Ақпаратқа және оны таратуға деген қолжетімділіктің артқанынан арт-журналистика дәстүрлі әдісті кеңейтіп, мәдениетті өзге де салалармен, соның ішінде саясатпен жақындастыра отырып, кәсіби мамандарға арналған маңызды құрал саналатын дамуға арналған жаңа платформаға ие болды.

Зерттеуде заманауи арт-журналистиканың ерекшеліктері, оны дамыту мақсаттары мен тиімді құралдары айқындалды, сондай-ақ оның Қазақстандағы және шет елдегі өзіне тән белгілері қарастырылды. Арт-журналистиканың қалыптасуы, рухани құндылықтар мен саладағы мәселелерді көрсетудегі әлеуметтік желінің ықпалы зерттелді. Арт-медиа дамуын тежейтін үш фактор анықталып, шетелдік тәжірибені қолдана отырып, елдегі арт-журналистиканы дамытуға ұсыныстар жасалды.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Арт-журналистика қоғамда рухани құндылықтарды қалыптастырып, игеруде маңызды байланыс құралы болғандықтан, диссертация тақырыбы өзекті. Технология мен жаңа медианың дамуы өнер саласындағы журналистер алдына отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерделеуді қажет ететін міндет қойды. Сондай-ақ өнер және журналистердің мәдени ортадағы қарым-қатынасы туралы жазылған БАҚ-тағы материалдарды сараптау маңызды. Білім беру бағдарламаларының жоқтығы, аталған саладағы мамандар мен курстардың тапшылығы қазақстандық БАҚ-қа сапалы материалдар дайындау үшін жаңа дисциплина құрып, арт-журналистика мектебін қалыптастыруды талап етеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстан өзге де көпұлтты мемлекет сияқты жаһандану ықпалына түсіп, ұлттық болмысын жоғалтпай, әлемдік мәдени ландшафтқа бейімделуге мәжбүр болғандықтан, ғылыми жұмыста мәдени және арт-журналистика жаһандану контекстінде қарастырылады. У. Есенбекова мен Т. Шевякова өз жұмыстарында бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық дәстүр аясындағы БАҚ тақырыптарының ерекшеліктерін зерттейді. Алайда авторлар өнер мен мәдениетті дамытуға мүмкіндік беретін жаңа арт-медиа құралдарын енгізу механизмдерін қарастырмайды. А. Курманбаева, Т. Джанибек және С. Барлыбаева шығармашылық пен мәдениеттегі журналистиканың өзекті мәселелерін талқылайды. Бірақ онда Қазақстан практикасында пайдалы болатын халықаралық арт-журналистика тәжірибесі көрініс таппаған.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттың мәдени дамуын ынталандыру және оның тарихи шығу тегін насихаттау дейтін екі маңызды қызметі бар. Коммуникацияның баламасы ретінде медиа мәдени құрамды екінші орынға ысырып тастауы мүмкін. Бұл ақпарат құралдары мәдениетке тек қосалқы мән беріп, оны басты назардан тыс қалдыратынын білдіреді. Медиа азаматтардың шынайылық туралы түсінігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан мәдени және шығармашылық контент медиа кеңістіктегі экономикалық және саяси мүдделердің көлеңкесінде қалып қоюы мүмкін. Арт-журналистика экономикалық мүдделер білім беру миссиясынан жоғары тұратын медиа ортада өзінің орнын сақтап қалуға тырысады. Басқаша айтқанда, бұл сала эфирде немесе баспасөзде өз орны үшін күресуге мәжбүр.

Медиа мәдени контентті жариялауға құлшыныс танытпайды, өйткені олар қарапайым қолданушылардың мәдениетке қызығушылығы төмен деген қате түсініктен туындап отыр. Алайда бұл саланың басты ерекшелігі – аудиториямен өзара әрекеттесу және интерактивтілік. Виртуалды шындық технологиясы және интерактивті платформалардың көмегімен журналистер визуал және дыбыс атмосферасына тереңінен бойлайтын журналистік орта құрып, ақпаратты тиімді зерттейді. Мәдени журналистиканың маңызды аспектісі – күрделі тақырыптарды ашудағы потенциалында. Кәсіби мамандар дискурстың иллюзорлық, метафоралық немесе символдық сипатын баса көрсету үшін көркемдік элементтерді пайдалана алады. С.С.Исақова, Қ.К.Садирова, М.Т.Куштаева, Х.С.Молдабаев және И.С.Ристина арт-журналистикамен сабақтас заманауи жағдайдағы аймақтық медиа жүйелердің этномәдени жағдайы мен даму болашағын зерттейді. Дегенмен, олар қазіргі заманғы сын-қатерлер мен технологияларды ескере отырып, аталған саланың жұмыс істеу ерекшеліктерін толық ашпайды.

Докторлық диссертацияның концепциясын әзірлеу Мусинова А., Барлыбаева С., Шалабаева Г., Воскресенская М., Кристенсен Н., Алоян К. идеяларына негізделген.

Зерттеудің мақсаты – мәдени тақырыптарға бағытталған журналистика саласындағы негізгі мәселелерді анықтау; Шет елдің тиімді тәжірибесін ескере отырып, арт-журналистиканы дамытуға бағытталған құралдарды әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру қажеттілігін негіздеу және олардың тұжырымдамасын ұсыну. Осыған байланысты докторлық диссертацияның алдына қойған **мынадай міндеттерін** атап көрсетуге болады:

– арт-журналистиканың негізгі даму кезеңдері мен оның ТМД және Еуропадағы ерекшеліктерін анықтау;

- әлеуметтік желінің арт-журналистикаға деген ықпалына сараптама жасау және үлгі боларлықтай жобаларды анықтау;
- Қазақстандағы арт-журналистика бетпе-бет келіп жатқан мәселелер мен аталған саланы жақсартатын мүмкіндіктерді анықтау;
- Азия және Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесін қолдана отырып, Қазақстандағы арт-журналистиканың даму стратегиялары мен ұсыныстарын әзірлеу;
- теоретикалық базаны қалыптастыратын білім беру бағдарламасын жасау мен мәдени құбылыстар туралы материалдардың дайындау үшін практикалық машықтарды дамыту;

Зерттеу нысаны – теоретикалық категориялар, жанрлар, арт-журналистика мәселелері.

Зерттеу пәні – дәстүрлі және жаңа медиада көрініс табатын әртүрлі елдердің мәдениет саласындағы үдерістері.

Ғылыми жаңалығы:

- ұлттық мәдениет туралы хабар тарататын заманауи теле бағдарламалар мен журналдардың контентіне, ерекшелігіне талдау жасалды; кәсіби қазақтілді журналистер жұмысының ерекшелігі анықталып, қарастырылды;
- Instagram мен YouTube-тегі арт-блог жұмыстарына дискурс жасалды. Әлеуметтік желілердегі контентті дамытуға бірқатар ұсыныстар әзірленді;
- Қазақ халқының рухани құрамдас бөлігінің өнер кеңістігіндегі ерекшеліктері мен рөлін анықтауға мүмкіндік берген қазақтың қылқалам шебері Әбілхан Қастеев пен әдебиетші Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығы туралы отандық БАҚ-тағы материалдар зерттелді;
- шет елдегі арт-журналистиканың қалыптасу кезеңдері мен дамуының маңызды сәттері анықталды;
- ЖОО білім беру бағдарламасына енгізілетін «Арт-журналистика» дисциплинасының тұжырымдамасы мен 3 білім беру курсы ұсынылды. Арт-журналистика мектебінің моделі құрастырылды.

Диссертацияның теориялық негізі философия, мәдениеттану, әлеуметтану, өнертану салаларындағы ғалымдардың еңбектеріне негізделген пәнаралық сипатты көрсетеді. Теоретикалық негіз А.Моль, Х. Ортега-и-Гассет, М.Маклюэн, Н.Луман, Ю.Хабермас, Э.Кассирер, М.Монтелл, О.Шпенглер, А. Крёбер, К.Пиннок, Ф.Бенхамоу, А.Лагерквист, Г.Беккер, Ю. Лотман, Д.Брайан, Н. Кристенсен, Г. Шпет, А.Тертычный, А.Булычева, Т.Шевяковтың жұмыстарын қамтиды.

Қазақстандық ғалымдар мен арт-сыншылардың жұмыстары: А.Мусинова, С.Барлыбаева, Г.Шалабаева, Ж.Джангельдина, А.Коксегенова, Ж.Смагулова, К.Кадырбаева, Е.Соколов, С.Темірхан, С.Уалиева.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Өнер мен мәдениет саласындағы мәселелерді насихаттау мәдени дискурсты кеңейтіп, оны демократияландыруға ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары мәдени құбылыстарды талқылау мен талдауға арналған платформа құрып, әртүрлі көзқарастарды қалыптастырады, мәдени тәжірибені байытады, төзімділікті дамытып, мәдени плюрализмді нығайтады. БАҚ арқасында әртүрлі әлеуметтік-мәдени топтардың адамдары физикалық тұрғыдан қатыса алмаса да, мәдени оқиғалар туралы ақпарат алады.
2. Арт-журналистиканың әлеуметтік желілерде даму мүмкіндігі зор. БАҚ-тың интернет кеңістігіне өтуі – медиа индустрияға және қоғамдық ақпараттық ортаға әсер ететін, БАҚ-ты веб-сайттар, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар және бейнехостинг сайттары сияқты цифрлық платформаларға бағыттайтын үрдіс. Бұл олардың аудиториясын кеңейтуге және ақпаратқа қолжетімділікті жақсартуға мүмкіндік береді.
3. Арт-журналистика бойынша зерттеулер жүргізіп, білім беру жобалары мен бастамаларын жүзеге асыруда мемлекеттік қолдау маңызды. Сарапшылардың айтуынша, қаржыландырудың жеткіліксіздігі аймақтағы медиа жобалардың негізгі проблемасы. Бұл медиа жобалардың дамуы мен қолдауына кедергі келтіреді, шығармашылық пен инновацияны шектейді және олардың тұрақтылығы мен жоспарлауына ұзақ мерзімді әсер етеді.
4. Шетелдік тәжірибені зерттеу отандық арт-медианың дамуына оң әсер етеді, бірақ ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескеру қажет. Франциядағы, Германиядағы, Үндістандағы, Африкадағы мәдени тақырыптарды қамту әдістерін зерттеу, сондай-ақ Орталық Азиядағы арт-журналистика саласындағы медиа жобалардың кооперациясының мүмкіндіктерін талдау мәдени контентті дайындау мен ілгерілету тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді.
5. Пәнді енгізу және арт-журналистика курстарын бастау қажеттілігі. Сабақтар мәдени құбылыстарды сыни тұрғыдан түсіну, түсіндіру

және оларды БАҚ-та жариялау үшін аналитикалық дағдыларды қамтамасыз етеді. Курстардың мақсаты – студенттерді медиа хабарламаларды түсіну және талдау қабілеттеріне дайындау, сондай-ақ мәдениет саласындағы кәсіби журналистік қызметтің негізін қалау.

Теоретикалық маңыздылығы. Ғылыми жұмыс қазіргі заманғы арт-журналистиканың даму бағытына сәйкес орындалды. Теориялық контекстегі маңыздылығы жанрлық ерекшеліктер мәселелерін шешу сипатымен және арт-журналистиканың негіздерін оқыту әдістері мен құралдарын анықтаумен айқындалады.

Әдістемелік талдау негізінде аталған нишаның өзекті мәселелері мен жай-күйін зерттеу осы мәселені зерттеудің әдіснамалық тұжырымдамасын құрайды. Оның нәтижелері оқу орындарында білім беру элементтерін енгізу мүмкіндіктерін әзірлейтін әдіскерлер арасында БАҚ-та өнер және мәдениет тақырыбымен айналысатын мамандарды қызықтырмақ.

Ұсынылған қорытындылар дәріс сабақтарында, арт-журналистиканың іргелі негіздерін зерделеу бойынша элективті пәндерде пайдаланылуы мүмкін. Ұлттық мәдениетке қызығушылықты қалыптастыру, жаһандану жағдайында «мәдениет» анықтамасын нақтылау қолданбалы ұғым болмақ.

Практикалық құндылығы қоғамның әртүрлі топтарында шығармашылықты дамытуға бағытталған кешенді тапсырмалар мен нақты жобалар арқылы анықталады. Сонымен қатар арт-журналистикаға БАҚ-тың назарын аудару мен түсінік қалыптастыру, ұсынылған құралдарды оқу процесінде қолдану мүмкіндігі және қазіргі арт-журналистердің кәсібилігін арттыру мақсаттары да маңызды болып саналады.

Зерттеуді апробациялау.

Зерттеу барысында бірқатар мақалалар жарық көрді.

1. Нураш А., Рожков А. Динамика освещения в СМИ духовного наследия казахского народа. ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. №4 (70) 2023, 107–119 б.

2. Nurash A. Development of art journalism in Kazakhstan through the introduction of the experience of American art media. Media practice and education, 2024.

3. Нураш А. Концептосфера культурной журналистики// «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясында тезис. – Алматы, 2024. – 117 б.

4. Нураш А. Representation of cultural news in Kazakhstan online media. VII Межд. науч.конф. «Модели обучения международной журналистике в целях устойчивого развития». – Алматы, 2023. – 155 б.

Жұмыстың құрылымы. Диссертация дәстүрлі құрылымға ие. Кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 156 бет.